**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің «№3 Хромтау орта мектебі» КММ**

**Педагогтерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату комиссиясы отырысының №6 хаттамасы**

19 ақпан 2024 жыл
№3 Хромтау орта мектебі

Комиссия төрағасы:Казиева Н.С
Хатшы: Бітімбай А.С
Қатысқандар саны: 5

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Ағылшын тілі пәні мұғалімі бос лауазымына тағайындау конкурсына түскен кандидаттың құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1. **Казиева Н.С - комиссия төрағасы, директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен *(өзгерісі 15.08.2023ж №259)* бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары» 3-тарау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі»-нің 1-параграфы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындауға конкурс өткізу тәртібі» негізінде ағылшын тілі пәні мұғалімі бойынша бос орынға 2024 жылдың 5-13 ақпан аралығында конкурс жарияланып, 1(бір )өтініш пен құжаттар түсіп отыр.

Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде конкурстық комиссия қабылданған кандидаттар құжаттарының "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 (өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100)бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкестігін қарады.

Кандидат құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, аталған қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес бағалау парағына ұпайлар қойылып, есептеу жүргізіледі.Комиссияның шешімі осы бағалау парағында жинаған балл негізінде шығарылды.

Конкурсқа түскен педагог

1)Кеулімжаева Гүлмарал Амангелдіқызы – ағылшын тілі пәні мұғалімі

**2.Кеукенова Г.Н - комиссия мүшесі, қамқоршылық кеңес төрағасы**

Комиссия "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 ( өзгеріс ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.04.2023ж №100) бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарының 3 тарауының 14 параграфы бойынша сәйкестігін тексеріп, кандидаттардың бағалау парағы қаралды.

Педагогтердің құжаттарын тексере келе төмендегі бағалау парағына қойған ұпай сандары бойынша құжаттар қайта тексеріліп комиссия мүшелері қорытынды ұпайлар қойды.

**3. Мусина Г.А комиссия мүшесі, химия пәні мұғалімі**

Конкурсқа қатысушы Кеулімжаева Гүлмарал Амангелдіқызы білімі жоғары. Аталған маман 2023 жылы Семей қаласындағы Шәкәрім Университетін «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша аяқтаған.

Комиссия мүшелерінің тексерумін қойылған үміткердің жалпы ұпайы - 13,5 балл

Өтініш білдірген педагогтың құжаттарын комиссия мүшелері қарай келе, жеке дауысқа сала отырып, комиссия шешім етті:

**ШЕШІМ:**

1. Ағылшын тілі пәні мұғалімі бос орнына конкурсқа қатысқан педагог **Кеулімжаева Гүлмарал Амангелдіқызы** конкурстан **«өтті»** деп есептелсін және бос орынға тағайындауға ұсынылсын.

Комиссия төрағасы: Казиева Н.С

Комиссия мүшелері: Тұрар Б.С

Кеукенова Г.Н

Мусина Г.А

Жақсылықызы Ү

Хатшы: Бітімбай А.С